



Автор: Смагул Айжибек -

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Жер және Ғарыш. Жер. Ғарыш Кеңістік және уақыт

Тақырып: Зымырандар қай жерден ұшады?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.4.2.1 ғарышты игерудің кейбір айтулы оқиғалары туралы әңгімелеу; 3.4.2.2 адамзат дамуындағы ғарыштың маңызын түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Байқоңыр ғарышайлағы туралы мағлұмат алады. Көптеген оқушылар: Ғарышты игерудің кейбір айтулы оқиғалары туралы әңгімелейді. Кейбір оқушылар: Байқоңыр ғарышайлағының пайдасы мен зиянын ажыратады.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: Ғарышайлағы. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Байқоңыр ғарыш айлағы туралы не білдік? Ол қандай қызмет атқарады? Ғарыш айлағында қандай нысандар орналасқан? Ғарыш айлағына экскурсия жаса.
Күтілетін нәтиже:	Ғарышты игерудің кейбір айтулы оқиғалары туралы әңгімелейді; адамзат дамуындағы ғарыштың маңызын түсінеді.
Бағалау критерийлері:	Ғарышты игерудің кейбір айтулы оқиғалары туралы әңгімелейді. адамзат дамуындағы ғарыштың маңызын түсіндіреді. Байқоңыр аймағы туралы мағлұмат алады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Bilimland, iMekter, AR-NIS қосымшасын қолдану
Пәнаралық байланыс:	Жер және ғарыш туралы дүниетану пәнінен алған білімдерін қолданады.
Бастапқы білім:	Оқушылар Жердің пішінін сипаттай алады, оның Күнмен байланысын түсінеді, Жердің табиғи және жасанды серіктері туралы ұғымы бар. Астрономияны ғарыш туралы ғылым екенін, «ғарыш» ұғымын түсіндіре алады. Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың атауларын, олардың негізгі сипаттарын біледі. Ғарыш денелерін зерттеуге арналған аспаптарды, құралдарды және ұшу аппараттарын атайды. Оқушылар біздің белгілі бір кеңістікте өмір сүретінімізді, уақытты есептейтінімізді біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	«Бес жақсы сөз» жаттығуы Алдыңғы білімді еске түсіру. Топқа ғарышкер, зымыран, әуешар, ұшақ, жер суретінің қиындылары беріледі, сол суретті құрастырып, сабақ тақырыбы мен мақсатын анықтайды. Мына суреттерді бір сөзбен қалай атауға болады? Ұшу аппараттарының қайсысымен аспанға ұшуға болады? Зымыран қалай ұшады? Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (27 минут)	- Қазақтың қандай ғарышкерлерін білеміз? Ғарышкерлер туралы мағлұмат беріледі. Айдын Айымбетовтен алдын-ала алынған сұхбат көрсетіледі. Байқоңыр ғарышайлағы туралы бейнематериал. AR-NIS қосымшасы арқылы қарау. Картадан зымыранның ұшатын орнын анықтау. Топтық жұмыс. 1-топ: Оқушыларға мәтін беріледі, сол мәтін бойынша оқушылар картадан немесе глобустан Байқоңырдың орналасқан жерін көрсетеді. Олардың халық саны жайлы айтып өтеді. 2-топ: Берілген мәтін бойынша Байқоңырдың пайдасын анықтап жазады. 3-топ: Берілген мәтін бойынша Байқоңырдың зиянын анықтап жазады. «Вен диаграммасы» 4-топ: Жер серігі мен зымыранның ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайды. 5-топ: Берілген мәліметтерді суреттермен сәйкестендіреді.	https://bilimland.kz/kk/courses/education-movies/uchebnye-filmy/fizika-i-astronomiya/lesson/bajqongyr
Сабақтың соңы (5 минут)	Қорытынды. іМектертен «Дұрыс-Дұрыс емес», «Артығын алып таста» және «Сөйлемді толықтыр» ойындарымен қорытындылау.	https://imektep.kz/kz/game#select_words-708 https://imektep.kz/kz/game#recycle_bin-709
Рефлексия (3 минут)	Оқушылар алдын-ала жерге жабыстырылған жолақ бойына орналасады. Сабақты жақсы түсіндім дегендер жасыл жолақ бойына, сұрақтарым бар дегендер сары жолақ бойына, ал ештеңе түсінбедім дегендері қызыл жолақ бойына орналасады.	